**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
Қараша айы 2024жыл 1 апта
№ 1 «Күншуақ» кіші тобы

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 04.11.2024** | **Сейсенбі 05.11.2024** | **Сәрсенбі 06.11.2024** | **Бейсенбі 07.11.2024** | **Жұма 08.11.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен, жүрекше стикер беріп қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).** | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың бала бақшаға көтеріңкі көңіл күймен келу жағдайларын талқылау.<br>Балалардың денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу, күн сууына байланысты жылы киіндіруге кеңес беру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру,<br>«Жапырақтар»,саусақ ойыны «Қуырмаш» «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойындарға қатысу белсенділігін арттыру<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру іс ірекеттерді жасауына жағдай жасау<br>Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату барысында баланың сөйлеуін дамыту.<br>**(Балармен жеке жұмыс. )** | | | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындатуі (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Таңғы жиын.<br>Көңілді муызка қою.<br>Қарапайым би қимылдарын орындауды пысықтау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**<br>Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру.«Көліктер» тақырыбында жеке әңгімелер | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу Ұшақ, автобус, жеңіл көлік, поездпен таныстыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауын дамыту және т. б. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекеттер** | | **Музыка** Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. | **Дене шынықтыру** Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тіземен тіреп) еңбектеу. | **Дене шынықтыру** Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,3-1,3 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; | **Дене шынықтыру** Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. |
| | Жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. «Үйшік» ертегісі. Сөздерін қайталау. Кейіпкерлердің дауысын салуды үйрету. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br><br>Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және | Поездың дауысы естірту. Балалардан бұл ненің дауысы? Сұрау. Осы дауысты бірнеше рет айтып қайталату. Содан соң суретін көрсету. Поезд туралы мультиктен үзінді көрсету. Поезд болып бірінің артына бірі тұрып жүруді қйымдастыру. Құрастыру заттарынан бір қатарға тізіп поезд вагондарын жасату. **(сөйлеуді дамыту, сенсорика, қоршаған ортамен танысу)** | Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының бірі автобуспен таныстыру. Автобусты тану, атау. Орындықтарды автобустағыдай қойып, отырып саяхатқа шығару. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Фланелеграфта автобыс орындықтарына | Терезеге қаратып, далада жел тұрып, жаңбыр жауып тұрғанын бақылату. Желдің дауысын уууу деп салуды үйрету Саусақтарын алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. Терезеден ұшақтың ұшқанын бақылау. Ұшақтың суретін көрсету. Оның ерекшеліктерімен таныстыру. **(Сөйлеуді дамыту)** | Бір бір ойыншықты таратып беру. сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіріп айтуын ұйымдастыру (мысалы көліктер әдемі, поезд ұзын) **(сөйлеуді дамыту)**<br><br>«Санжардың ойыншықтары» әңгімесін оқып беру. көрнекіліксіз көркем шығарманы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іріктеуді жетілдіру. **(Сенсорика)** | | адамдарды үйлестіріп жапсырту. **(жапсыру)** | Қағаздан ұшақ жасап беріп ұшырып ойнату. Кейбір бөліктерін өздері бүктеуіне мүмкіндік жасау. **(сенсорика)** | тыңдауын дамыту. **(көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | Қуыршағымызды серуенге шығарайық деп көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді және бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындау дағдасын пысықтау. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. | | | | |
| **Серуен** | «Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен таныстыру . Көшедегі көліктердің қауыпты екенін түсіндіру. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Көліктердің доңгелектерін жасауда техникалық дағдыларды қалыптастыру **(мүсіндеу)**<br><br>Қимылды ойын «Шарды ұста» | Ағаш бұтақтарын тізіп поезд жасату. **(құрастыру)**<br><br>Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда олардың жапырақтарының қимылына назар аударту.<br><br>Қимылды ойын: «Поезд» | Автобус туралы тақпақ жаттау. Автобусқа асығып, жолды кесіп өтпеуді көрсетіп түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** Жапырақтарды теру, құмыраға салу дағдысын бекіту. **(сенсорика)** Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары<br><br>Қимылды ойын «Шарды ұста» | Ауа райының ерекшеліктерін байқату. Желде ұшақтың қатты ұшатынын байқату. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Ұшақтар»<br><br>Фланелеграфқа ұшақты жапсырту. | Серуенде табиғатты бақылауды үйрету. Аулада ересектердің еңбегіне қосылып, көмектесуді ұйымдастыру **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>Ірі жұмсақ құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық деп құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үш доңгелекті велосипедке отыру, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету **(дене шынықтыру)** | | | **(жапсыру)** | әдістерін үйрету **(Құрастыру)**<br><br>Балалардың дербес әрекеті.<br>Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дагдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).** | | | | |
| **Бесін ас** | Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Көңілді музыканың берілген сипатына сай қимылдар жасату **(музыка)**<br><br>Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда дербес әрекеттер.<br>Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен көлік бейнелерін табу, фланелеграфқа жапсырту.<br>**(Жапсыру)**<br>балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.<br>Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды парақ бетінде салуын үйрету.<br>Көлік бейнесін бояту.<br>Көліктерге арнап жолдар салдырту.<br>**(сурет салу)** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, поезд сурет бояту, сазбалшық және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру арқылы поезд дөңгелектерін мүсіндету.<br>Фланелеграф тақтасына поезд вагондарын тізбекпен жапсырту.<br>**(Сурет салу)**<br>**(Мүсіндеу)**<br>**(Жапсыру)** | Дамытушы орталықтарда балалардың бастамасымен құрылыс материалдарынан автобустар құрастыру ойындарын ойнату.<br>Парақ бетінде автобусты орналастыру әрекетін дамыту.Сазбалшықты дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру<br>**(Құрыстыру, сурет салу, мүсіндеу)** | Ұшақтарды бояту.<br>Балалардың ашық түсті бояуларға деген эмоционалды - эстетикалық қатынасын тәрбиелеу<br>**(сурет салу)**<br><br>Бұтақтардан ұшақты құрастыруды үйрету.<br>**(Құрастыру)** | «Артығын тап» ойынын ұйымдастырып саусақ қимылын дамыту.<br>Көліктердің арасынан басқа заттарды табуды жетілдіру.<br>**(сенсорика)**<br><br>Қандай сурет сала алатынымызды көрсетейік.<br>Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау.<br>Балалардың еркін әрекетін дамыту.<br>**(Сурет салу)**<br>Сазбалшықты алақан арасына алып мыжу дағдысын дамыту<br>**(Мүсіндеу)**<br>Фланелерафқа көлік түрлерін жапсырту.<br>**(Жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | ................<br>геометриялық | ............... есімдерді, сынесімдерді | ............... балапанның дене | ...................<br>саусақтарын | ...........................<br>құстары бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пішіндерді негізгі түсі, әртүрлі көлемі, негұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. | қолданып,заттарды (киімдер, ыдыстар) сипаттаугаүйрету. | бөліктерін (ажыратып және атай білуін пысықтау. | алақанына ұрып, жаңбырдың тырс тырс дауысын салуды үйрету. | кітаптарды табуын жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу, олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту **(құрастыру)**<br>Қимылды ойын «Шарды ұста» | Ертегі оқып оны ойыншықтар, суреттер, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеп мазмұнын түсінуге үйрету **(көркем әдебиет)**<br><br>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»<br><br>Автобус, поезд, көлік дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап»<br>Көңілді музыканың сипатына сай қимылдар жасату. «Әнші балапан»<br>**(музыка)** | | «Санжардың ойыншықтары». Әңгіме оқып беру.Ойыншықтарға ұқыпты болуды үйрету. **(көркем әдебиет)** Доппен ойындар. | Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады»<br><br>Бірдей көліктерді топтастырып ойнату. **(Сенсорика)** |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну<br>Көлікте жүргендей болып  ойнауды ұсыну.<br>Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру. |

**«Тексерілді»**
**«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығының әдіскері:** ________
**У.Г.Нурмухамметова**
01.11.2024ж.